

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімді қолданудың мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қазан N 1535

1992 жылғы 20 мамырдағы Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы жәрдем көрсетуді жеңілдету жөніндегі ынтымақтастыққа қатысты келісімнің (бұдан әрі - Келісім) негізінде іске асырылатын "Жаңа Тәуелсіз Мемлекеттер үшін Жаппай Қырып-жою Қаруларын Таратуды Болдырмау жөніндегі бастамалар" бағдарламасын (бұдан әрі - NIS-IPP бағдарламасы) одан әрі жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Келісімнің 4-бабын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 .
2 .

ЕСКЕРТУ. 1,2-тармақтар алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.05.21. N 668 қаулысымен. P010668_

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

Келісімге Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың Келісімнің шеңберінде алатын кірістерін босату туралы толықтырулар енгізу туралы ұсыныс;
толықтыруларды ескере отырып, Келісімді бекіту туралы Заңның

жобасын енгізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.05.21. N 668 қаулысымен.

P 0 1 0 6 6 8 _

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК